

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

төнген түрлерді анықтау, экологиялық соқпақты ұйымдастыру, табиғатты жойылудан қорғау, тұратын аудандардағы қауіп факторларын анықтау).

Мектептің география курсының мазмұны оқушылардың экологиялық біліміне ықпал етеді, бұл үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Оқыту жүйесінде экологиялық білім үздіксіз және мақсатты процесс сипатында болуы керек, оның мақсаты әр адамды экологиялық сауатты ету.

Оқушылардың қоршаған ортаға географиялық және геоэкологиялық ақылға қонымды қатынасын қалыптастыру-XXI ғасырдағы мектеп тәрбиесі мен білім берудің маңызды міндеті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Weiss D.J.(Ed.) «New Horizons in Testing: Latent Trait Test Theory and Computerised Adaptive Testing». N - Y., Academic Press, 2005.
2. Кречетов И.А., Романенко В.В. Реализация методов адаптивного обучения // Вопросы образования. 2020. №2.
3. Современные образовательные технологии: учебное пособие / под ред. Н. В. Бордовской. М.: КНОРУС, 2011. 432 с.
4. Интернет-ресурс <https://vuz24.ru/news/fakty-i-sobytiya/gejmifikaciya-v-obrazovanii-vidy-komponenty-primery>
5. Государственная программа развития системы образования Республики Казахстан на 2011-2020 годы (Указ Президента РК №1118 от 7.12.2010г).
6. Тихомирова Н.В. Глобальная стратегия развития smart-общества. МЭСИ на пути к Smart-университету. – Режим доступа: [http:// smartmesi.blogspot.com/2012/03/smart-smart.html](http://smartmesi.blogspot.com/2012/03/smart-smart.html)
7. Экологическое образование в школе: концепция. — М.: Моск. центр межнац. и сравнит. образования, 1994. — 32 с.
8. Быховский А.В. Экологическое образование: Проблемы и процессы современного развития. — М., 1996. — 129 с.
9. Васильев С.В. Экологическое образование школьников при обучении географии: Монография. — СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2003. — 91 с.

ӘӘЖ 911.2:81'373(574)

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ ШӨЛ ЗОНАСЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕР БІРЛЕСТІГІ

**Балғабай Әйгерім Қуанышқызы**


**Қонысжан Дана Қайрбекқызы**

[aeginbaeva@mail.ru](mailto:aeginbaeva@mail.ru)

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ҚеАҚ, Астана қ., Қазақстан  
«6В05209 – География» білім беру бағдарламасының 4 курс студенттері  
Ғылыми жетекші – PhD, «Физикалық және экономикалық география»  
кафедрасының доценті м.а. Егинбаева А.Е.

Маңғыстау облысы ХХ ғасырдың 70 жылдарында құрылған. Бұрында «Маңғышлақ» деген аты болған. Бұл өлке ХХ ғасырдың 80 жылдары таратылып, кейін 1990 жылы қазіргі атауымен қайтадан облыс болып құрылды. Маңғыстау еліміздің оңтүстік батысындағы ірі аймақтардың бірі (сурет 1). Жалпы көлемі 16,7 млн га, оның 12,7 млн га жайылымдық жерлер болып есептелінген [1]. Экономикалық қатынас тұрғысынан алғанда өлкенің орналасуы жағынан өте тиімді. Облыстың батысын және терістігін теңіз қоршап жатыр, ал оңтүстігінде Түрікменстанмен, оңтүстік шығысында Қарақалпақстанмен, солтүстігі мен

солтүстік-шығысында Атырау, Ақтөбе облыстары шаруашылығымен шектесіп, күнбе-күн тығыз байланыс мүмкіндігінде Ақтау форты қазақ мемлекетінің, оның болашақ теңіз флотының дүниежүзілік аренаға теңіз су жолы арқылы шығатын орталығына айналуды.



Сурет 1 Маңғыстау облысының әкімшілік-аумақтық картасы

Маңғыстауды көрген, зерттеген адамдар да кейінгілер есте сақталарлықтай ерекше атаулар қалдырған. Өткен ғасырда осы жерде қамауда болған поляк Брониялав Заллеский Маңғыстау даласының тауларын: «Күннің сәулесі бұлттан өтіп осындай тауларға сан түрлі, түстер тигізіп, керемет көрік береді. Қараңғы кезде, айдың әсем жарығынан бұл жер өзгеше түрге бөленеді, бұрынғысынан да зор ғаламатқа айналып кетеді. Далада өзің отырып, осындай кеңістік пен үнсіздіктің жоғарылығына, елестерге айналған шөлді алқаптың бір тылсымына кеніп кеткендей сезініп кетесің» депті. «Жер шарының барлық геологиялық жағынан тарихтарын зерттегіңіз келсе, осы даланы барып көруіңіз керек» деп теңіген Н. Андрусов. Жер бедерінің сан алуан түрлілігі ең біріншіден ол жердің қалыптасуына ықпалын тигізген ішкі және сыртқы күштердің қарқындылығына байланысты [2].

Табиғат және қоғам арасындағы аса күрделі қарым-қатынастарды зерттеудің географиялық және топонимикалық аспектілері географиялық ландшафттар топонимиясына қатысты зерттеулерде айқын ажыратылады. Жалпы ландшафттың негізгі ерекшелігі табиғаттың компоненттерін бірнеше жылдар, яғни ұзақ уақыт бойы өзара әрекеттесуі нәтижесінде қалыптасқан тепе-теңдікті айтамыз. Осы себептен ландшафттың өзін тану немесе игеру процесіне әсер ететін фактор түрінде қарастырамыз.

Атаулардың кеңістікте таралуын «атаулардың ландшафттар бойынша шоғырланып таралуы» деп атауға болатын кеңістіктегі құбылыстарды айтуға болады. Мұның мәнісі бір-біріне өте ұқсас ландшафттарда атаулардың қайталанып келетіндігіне негізделген.

Географиялық терминдердің таралу аймағы бірнеше түрлі зонаны қамтитындықтан, осы жердің ландшафт ерекшеліктеріне байланысты мағыналық жүктемеге ие. Маңғыстау қазақтарының диалектілерін лингво-географиялық талдаулар кезінде анықталғандай, географиялық терминдерде жергілікті табиғаттың ерекшеліктеріне қарай ауысулар болған. Аталмыш аумақта бір шағын ауданның өзінде бір мағына беретін бірнеше синоним терминдер қатар қолданылатыны анықталды. Мысалы: *өзен, су*, т.б. [3].

Топонимдер өз кезегінде ландшафт типтеріне қарай шоғырланады. Топонимдердің таралу аймағы аз немесе шектелген атаулар өз кезегінде эндемик сипатына ие. Б.А. Будагов ландшафттық топонимдердің таралуын көлеміне және ауқымына қарай 3 бөлікке ажыратып қарастырған:

- ландшафттың бір типіне сәйкес келетін топонимдер – локальді топонимдер;
- ландшафт типтерінің аралық зоналарында таралатын топонимдер – тип аралық топонимдер;
- ландшафттарың бірнеше типтеріне тән топонимдер – ортақ топонимдер.

Топонимдердің белгілі бір ландшафттарға шоғырлануын аумақты игерудің тарихымен байланыстыруға да болады.

Сонымен қатар ландшафттық топонимияны зерттеу бірнеше ғылыми мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Біріншіден, ортаның халық тұрмысына әсері және оның топонимияда көрініс табуын зерттеу аса маңызды болып табылады. Екіншіден, ландшафт түріне тән терминдер тобын анықтап, олардың сол жердің диалектісіне сай мағынасын талдауды қажет етеді. Үшіншіден, белгілі бір ландшафтта кездесетін географиялық атаулардың жиынтығын анықтап, олардың таралу аймағын көрсететін карталар жасауға мүмкіндік береді. Қазақстандық географ ғалымдар топонимиканың ландшафт ғылымдарымен байланысты болу керектігін айтқан.

Қазақстан жерінде ландшафт кең таралғанымен, шөлдерде таралған топонимдер әлі дұрыс зерттелмеген. Шөл зонасы таралған аймақтардағы әр нысанның атауында көшпенділерге қажетті ақпараттар беріледі. Маңғыстау жеріндегі ірі шөлдердің атауында, шөлдердің жеке бөліктерінің атауларында сол жердің географиялық сипаттамасы жинақталған. Осы аумақтағы аса ірі шөлді алқаптарға *Сенек, Тұзбайыр, Сам құмды аумақтары* жатады.

Топонимдерде аталған өсімдік аттарының кейбіреулері атаулардың құрамында орын тапқан. Шөл ландшафттылары кезінде ойыс жер бедері топырақ ылғалының артуына, соның әсерінен ойыстарда неғұрлым қалың, биік өсімдік жамылғысының қалыптасуына әкеп соғады. Бұл ойыс жер бедерінің сипаты атауларында *ойық, ой* терминдерінің қалыптасуымен бейнеленеді. Олардың құрамында фитонимдер жиі кездеседі. Ал әктасты жыныстардың таралуын *ақ, бор* онимдері тарайды [4].

#### Кесте 1 Маңғыстау облысындағы әктастар тараған аудандардың топонимиясы

Атау құраушы терминдер	Атаулар	
Ақ	Ақаяқ – Маңғыстау ауданындағы төбе Ақбас – Маңғыстау ауданындағы тау Ақеспе – Түпқараған ауданындағы жыра Ақжол – Түпқараған ауданындағы тау	Ақкетік – Маңғыстау ауданындағы қоныс Аққұм – Маңғыстау ауданындағы төбе Ақтөбе – Қарақия ауданындағы төбе Ақшумақ – Маңғыстау ауданынғы тау
Бор	Боржақты – Мұнайлы ауданындағы қоныс Борқұдық – Бейнеу ауданындағы құдық	Борлы – Түпқараған және Маңғыстау ауданындағы құдық пен қоныс атауы Борсай – Қарақия ауданындағы құдық
Ойық ой	Ажырақтыой – Қарақия ауданындағы ойық Ақой – Маңғыстау ауданындағы ойық Астауой – Қарақия ауданындағы құдық	Балаой – Қарақия ауданындағы төбе Қызыллойық – Маңғыстау ауданындағы төбе Түрікменой – Маңғыстау ауданындағы қоныс

Ескерту: [3] мәліметтері негізінде автор құрастырған

Шөл зонасында сорлар көп қалыптасады, сортаңдану күшті жүреді. Сорлар негізінен шұңқырларда оналасқан. Орыс ғалымы В.Н. Масальский ел аумағындағы сордың түрлері мен олардың маңызын зерттеу нәтижесінде нақты сипаттама беріп өткен. Ғалымның анықтамасына сүйене отырып, сорлы аймақтардың ерекшеліктерінің топонимияда көрініс табуын қарастырайық:

- кейбір сордың түрлері тақырларға өте қатты ұқсас келеді. Айырмашылығы тек қана аздаған тұзды қабыршығы мен борпылдақ топырағында. Маңғыстау түбегі де *Сортақыр қонысы* осы сор түріне жатады;

- келесі сор түрі сұйық тұзды батпақ күйде болады. Құрғақ кезеңдерде беті тұзды болып келіп жұқа саз қабығымен жабылады. Адамдар мен хайуанаттар үшін тарпа батпақ түрінде келіп қауіп төндіреді. Бұндай сордың типтері бұрынғы кеуіп қалған көлдердің орнынан пайда болған;

- сордың бұл түрі теңіздің шегінген жерлерінд кездеседі. Бұл сорлар ауқымды аймақты алып жатқан құрғақ және тұзды кеңістіктерді құрайды. Негізінен Каспий маңы ойпатындағы *Жамансор*, *Қызылсор*, *Темірсор* атаулары осындай сор типіне жатады;

- соңғы типті сор түріне Каспий жағалауындағы құмды төбелерінің аралығында орналасқан ірі сор жүйелері жатады. Мұндай сорларда өсімдік мүлде болмайды.

Сонымен қатар шөлді аймақтарда сортаңдар қалыптасады. *Сортаң* термині көптеген географиялық терминдердің арасында кездеседі. Осындай атаулардың қатарына *Ағасортаң*, *Сортаңтас*, *Ақсортаң*, *Сортаңкөл*, *Сортаңой*, *Үлкенсортаң* топнимдері жатады [5].

Шөлдердегі тақырлар жыныстардың құрамына байланысты ұсақ құрылымды майда ақшыл сарғыш реңктегі шөгінділерден тұрады. Осыған байланысты *тақыр* терминіне көбінесе түсті білдіретін ақ, ақшыл, сары анықтауыштары қосылады (кесте 1). Республика аумағында *ақтақыр* топонимінің 12-сі таралған. Бұдан бөлек *Айрантақыр*, *Сарытақыр* атаулары тіркелген.

Шөлді аймақтар қыс және күз мезгілі кезінде мал жаятын аймақтар ретінде қолданылған. Шөл зонасына тиесілі өсімдік жамылғысы сортаңды, эфемерлі, жусанды және көпжылдық қатты жапырақты дақылдар болып 4 өсімдік тобына бөлінеді [6].

Маңғыстау облысының ландшафттық топономиясына тиісті мәселелерді анықтап, сол жердің топонимиясын саралау нәтижесінде мынадай ойларды түйіндедік:

- облыс аумағында таралған ландшафттарға қатысты терминдер және атаулардың шоғырлануы тіркелді. Осының нәтижесінде ландшафттың тек өзіне ғана тән топонимдер жиынтығы болатыны белгілі болды;

- жергілікті географиялық терминдердің әртүрлі ландшафттық ерекшеліктеріне байланысты мағынасының ағысуға және өзгеріске ұшырайтындығы дәлелденді;

- атауларда географиялық ландшафттың элементтері емес, әлеуметтік өмірде де маңызы бар элементтердің бенеленетіндігі анықталды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Серікбол Қондыбай. Маңғыстау географиясы. – Алматы: Нұрлы әлем, 2008. – 184 б.
2. Маңғыстау өңіріне физикалық-географиялық сипаттамма. [Электронды ресурс] // – URL: <https://stud.kz/referat/show/6440#&gid=1&pid=8>
3. Каймульдинова К.Д. Аридті аймақтардың топонимиясы. – Алматы. Ғылым баспасы, 2001. - 98 б.
4. Юзбашев Р.М., Нуриев Э.Б. Топонимическая реконструкция ландшафтов Азербайджана // Вопросы географии, 1979. – Сб.110. - С. 25-28
5. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы: Оқулық – Алматы: «Ұлағат», 2013. - 328.
6. Суетова И.А. Карта и площади древнего оледенения территории СССР// Вестник МГУ, 1961. – №2. – С. 53-55.